* Оқушы балаңыздың мектепте жақсы оқуы, мұғалімнің үйреткенін қағып алуы оның денсаулығына да байланысты. Оның көру, есту мүшелерін, жүйке жүйесінің физиологиялық жағдайын тексертіп, дәрігердің қабылдауында әр алты ай сайын болып тұрған жөн. Баланың сөйлеу тілінде кемістіктің болмауы және өзіне сөйлеген сөздің мағынасын түсініп, өзінің ойын жеткізе алуы қажет. Бала өз бетімен сөйлем құрастыра алуы маңызды.

* Балаға не үшін мектепке баратындығын ұқтыру қажет. Біреуі мектепте көп бала бар және онда көңілді болғандықтан ғана баруы мүмкін. Алайда, мұндай ықыласпен мектепке келген балалар, біраз уақыттан кейін мектептің қатал тәртібіне және күнделікті оқу сабақтарына шыдай алмайды. Жалпы, бала оқу үрдісінің өзіне қызығуы қажет. Сонда ғана бұл баланың таным қызығушылықтарының дамуына, жаңа білім алуына мүмкіндік жасайды. Сондықтан баланы құрдастарымен қарым -

қатынас жасай алуға, бірге жұмыс істеуге, дағдыландыру керек. Кейбір балалар жаңа ұжымға тез еніп, балалармен тез тіл табысып кетеді. Ал, кейбіреулері көпке дейін құрбыларымен тез тіл табыса алмағандықтан, жалғыз жүреді. Бұл жерде ата-ананың көмегі қажет-ақ.

Балаға бірден оқу әрекетіне ауысу біршама қиындықтар туғызады. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бала басқа балалармен кезіккенде мазасызданады, қорқыныш пайда болады. Осыдан келе, нашар оқитын балалар пайда болады. Жалпы, тәжірибеге сүйенетін болсақ, баланың оқығысы келмеуі мына жағдайларға байланысты болады:

- *Мектеп алдындағы қорқыныш.* Бұл баланы бағындыру, әрекеттерді орындату мақсатымен қорқынышты үйде қалыптастырады;

- *Оқу үрдісінде және қарым-қатынаста қиындыққа кезігуі;*

- *Мектептің өміріне бейімделе алмауы, және т.б.*

Яғни, осы кезде әрбір ата-ана өзінің баласына мектеп туралы қажетті мағлұматтарды айтып, баланың мектепке деген жағымды қатынас және сенімділік сезімін қалыптастыра отырып тәрбиелеу керек. Ең бастысы, баланы жолдастарымен қарым-қатынас жасай алуға, басқа баланың ойымен санасуға үйрету болып табылады.

Оқушылар арасында келіспеушіліктер, реніштер, конфликтілі жағдайлар жиі кездеседі. Әсіресе, ерке балалар мұғалімдердің ескертулерін ауыр қабылдайды, яғни мектепке барудан бас тартады, жылайды т.б әрекеттер арқылы көрінеді.

Сабақ процесінде педагогикалық әдепті сақтай отырып, психологиялық микроклиматты қалыптастыру

Ж. САРЫПБЕКОВА

Мақсаты: Мұғалімдердің оқу-тәрбие процесінде сын тұрғысынан ойлау стратегиясын іске асыруда, психологиялық негізбен қаруландыру арқылы ғылыми-теориялық, кәсіби-мамандық белсенділігін арттыру, теория мен практика байланысын жетілдіру.

«Ғылымда ілгері ұмтылғанмен, адамгершілігі ақсап жатса, ондай адамның алға басуынан гөрі, кері кетуі тезірек» (Аристотель)

Мұғалім сөзі: Қош келдіңіздер, құрметті қонақтар, әріптестер!

Бүгінгі біздің коучингіміз ұстаздардың сабақ барысындағы іс-әрекеті, балалармен қарым-қатынасы, жан дүниесін тани білуі туралы болмақ.

Мұғалімді негізгі толғандыратын негізгі мәселе – сабақты ұйымдастыру және басқара білу. Олай болса, коучингті «Ұйымдастыру кезеңін сіз қалай бастайсыз?» сауалынан бастағым келіп отыр.

Ұйымдастыру кезеңі:

Сіз үшін сабақ барысындағы ұйымдастыру кезеңі бала үшін қаншалықты маңызды?

Сіз сабағыңызды қалай бастайсыз? Неліктен?

Белгілі психолог Карл Роджерс зерттей отыра, сабақ өткізуді екі түрге бөліп, оның балаға деген әсерін айтып өткен:

1. Жақсы өткізілген сабақта оқушы өз-өзін құрметтеп, өзін компетентті санаған;

2. Нашар өткізілген сабақта оқушы сабақтан еш әсер алмағанынан өзін төмен деңгейде санап, өзіне білім жағынан кемтармын деген баға береді.

Мұғалім сөзі:

Біздің балаларымыз керемет: олар білімді, кішіпейіл, еңбекқор, болашаққа сеніммен қарайды. Ал енді, балаларымыздың сабаққа деген қызығушылығын ояту үшін, ынтасы мен дағдысын қалыптастыру үшін, сабақ барысында өзін сенімді, өжет ұстау үшін не істеп жатырмыз?

Ол үшін ең алдымен, өзіміз туралы ойланып көрейік, біз қандаймыз? Балаларымызға үнемі қандай психикалық қысым күйінде тұрсақ та, жылышырайлық таныта аламыз ба? Әрқашан үлгі ретінде әділетті жақсылықтар жасап жатырмыз ба? Уақыттың жоқтығына қарамастан, балаларға көбірек көңіл бөліп жатырмыз ба? Жеке мәселелерді біршама ұмытып, олардың мәселелерімен санасып жатырмыз ба? Олай болса, мектеп оқушыларының психологиялық саулығын қамтамасыз етуді өзімізден бастау керек.

Әрбір сәтте, балаларға сүйіспеншілікпен, ілтипаттылықпен, түсіністікпен, сыйластықпен қарап, олардың әрбір оңтайлы істерін бағалап, құрметтеп отыру қажет. Сонда ғана олар өмірде бақытты сезініп, жарқын өмір сүруге талпынады.

Бейнебаян көрсету: Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас.

Адам басқа адамдармен қарым-қатынас және әрекеттесу нәтижесінде тұлға болып қалыптасады. Қалай ойлайсыздар, алдарыңызда көрсетілген «мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сіздің ойыңызша, шынайы ма? Шынайы болмаса, неліктен?

Алдарыңызда тұрған плакаттарға «Қарым-қатынастың бала үшін маңызы» тақырыбына постер жасауды сұраймын.

Мұғалім сөзі: «Тәрбиесіз бала білім ұғар ма, олай болса, уысыңнан шығарма, - деп философ ғұлама Жүсіп Баласағұн айтқандай, тәрбие беру үзіліс, демалыс дегенді білмейді».

Сергіту сәті.

Бейнебаян көрсету: «Басшымен қарым-қатынас барысы».

Сіз басшыңыздың орнында бір сәт болсын болып көрдіңіз бе?

Осы бейнебаянға байланысты, сіздерге сергіту сәті ретінде, әр топ мүшелері басшының рөліне еніп, алдыңызда отырған ұжымға ескерту жасауыңыз керек. Ескертуді табу және оны негативті және позитивті рөлде ойнауға болады.

Бірінші топтағы мұғалімдер қай жастағы оқушылармен болмасын қарым-қатынасқа оңай түседі. Оның себептері:

- Өз сыныбындағы әр баланың психологиясын өте жақсы білуінде;
- Баланың ішкі жан дүниесін оятатындай жылы сөздер айтуында;
- Мұғалімнің этикасы мен психологиясының дұрыс қалыптасуында;
- Мұғалім сөзінің тәртіптілігінде, жүйелігінде, анықтығында, нақтылығында;
- Оқу-тәрбие үрдісінде мұғалімнің бірнеше қарым-қатынастың түрлерін пайдалана білуінде.

Екінші топ мұғалімдерінің оқушылармен қарым-қатынасқа түсуі қиын. Оның себептері бірінші топта көрсетілген себептерге қарама-қарсы. Кейбір мұғалімдердің әр жастағы оқушылармен қарым-қатынасқа түсе алмауының өте қиын болу себептері:

- Авторитарлық стильді пайдалануында;
- Балаларға салқындық танытуы;
- Балаларды әлеуметтік жағынан бөлуі;
- Балалардың іс-әрекетін, ойын, сөзін әділ бағаламауы;
- Бала бойынан үнемі кемшіліктер іздеуі, оны жария етуі.

Күнделікті кездесетін мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың бірден бірі түрі ол – баға.

«Баға» жаттығуы.

Мақсаты: оқушыларды бағалаудағы өзара әрекеттесудің тиімді коммуникативтік амалдарын өндіру.

Әрбір қатысушы бір позитивті және бір негативті баға айту керек. Алдымен негативті баға айтылады, мысалы: «Отыр, екі».

Әркім бұл фразаны айтуда өз сөздерін, интонациясын, мәндерін қолдануға мүмкіндік береді. **Негативті бағаны** мынадай фразада қолдануға болады: «Өте өкінішті, Асаң, саған бүгін нашар баға қоюға тура келіп тұр, сен өте қабілетті ұлсың, жақын күндері өзіңнің екінді жөндейтіндігіңе сенімдімін».

Оқушыны позитивті бағалағанда да баланың жетістігіне шынайы қуанышы мен психологиялық қолдаудың жаңа формаларының кәсіби амалдарын жетілдіруге болады. Мысалы, позитивті бағаны қойған кезде позитивті баға қойғандағы фраза төмендегідей болуы мүмкін: «Жарайсың, бүгін сені бес деп бағалаймын, ары қарай оқуыңда жоғары көрсеткіш көрсететініңе мен сенімдімін».

Сындарлы оқыту теориясына негізделген бағдарламада оқушының нәтижесімен бірге іс-әрекеті де бағаланады. Бұл жерде оқушылар өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау, топтық бағалауда оқу үдерісінің белсенді мүшесі бола алады. Одан басқа оқушыларды бағалауда мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Бұл бағалаудан соң оқушының мұғалімге деген сенімі артады, көзқарасы өзгереді.

Рефлексия. Қорытынды

Коучинггімізді қорытындылай келе, қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Сондықтан да сіздердің қиын да ауыр еңбектеріңізге сәттілік пен шығармашылық табыс тілеймін!

Бастауыш сынып оқушыларының қиял процесін дамытуға арналған психологиялық жаттығулар

А. ТАНХИЕВА

Мақсаты: бастауыш кезеңдегі балалардың қиял процесін дамыту.

Әдісі: түсіндіру, сұрақ қою, баяндау.

Көрнекілік құралдар: ақ парақ, ермексаздар, үлестірмелі қағаздар, музыка әуені, т.б.

Бағдарлама жоспары:

1. «Мүсін өнері» әдістемесі;
2. «Алып бер» жаттығуы;
3. «Сізде қиял бар ма?» тестісі;
4. «Монолог» жаттығуы;
5. «Ұшу» Релаксациялық жаттығу;
6. «Ертегі терапиясы» жаттығуы.

«Мүсін өнері» әдістемесі. Мақсаты: қиял процесін дамыту.

Орындау ережесі: Баланың қиялын бағалау үшін оған мынадай тапсырма беріледі. Балаға пластелин наборы ұсынылып, 5 минут ішінде пластеллиннен қандай да бір фигура, ойыншық, кез келген бір нәрсе шығарып тапсырылады.

Бағалау шкаласы. Баланың фантазиясы 0 балдан 10 балға дейін бағаланады.

1-1 балл – бала 5 минут ішінде ешнәрсе ойлап жасамаса қойылады;

2-3 балл – бала ермексаздан өте қарапайым нәрсе жасаса қойылады.

Мысалы: шарик, кубик, таяқ;

4-5 балл – бала салыстырмалы түрде қарапайым зат жасап, оның құрылымы екі-үш тен аспайтын болса қойылады;

6-7 балл – бала ерекше бір нәрсе ойлап тауып оны ермексаздан жасап шығарса, бірақ фантазиясының байлығы онша көрініс бермесе;

8-9 балл – баланың ойлап тапқан заты ерекшелікпен сипатталатын, бірақ детальдары өңделінбеген;

10 балл – тапсырма бойынша бала жаңа нәрсе ойлап тапқан, жасаған, заты көрнекі етіп ерекше безендірілген, сонымен қатар детальдары өңделген.

Жаттығу: «Алып бер»

Мақсаты: Баланың қиялын дамыту.

Барысы: Шеңбер бойымен жалғасады. Бірінші бала бейнелеуші заттың атын айтып, қимылмен келесі балаға ұсынады.

Мысалы: Бекжан Ерланға «Ауыр шабаданды» береді, ол оны әрең дегенде көтеріп, ауырлығын келтіреді. Шеңбер бойымен осы қимыл жасалып болғаннан кейін, келесі бір қимылды бастайды. Мысалы: Пештен шыққан жаңа нанды келесі адамға қолн күйдіре жаздап, асығыс-үсігіс беріп осылай шеңберді айналып шығады. Содан кейін аппақ үлпек мақта ұшырып алмай түсіріп алмай біріне әр түрлі қимылмен беріп соңына дейін жалғасады.

Талдау: Балалар ойын ұнады ма? Қандай әсер алдыңдар Бізге басқаша қимыл жасау қиындық тудырды ма?

Тест «Сізде қиял бар ма?»

Р/с	Сұрақтар	Иә	Жоқ
1	Сізді бейнелеу өнері қызықтыра ма?	2	1
2	Ішіңіз жиі пыса ма?	1	2
3	Бір тарихи жағдайды айтқанда мәнерлеп, әсерлеп айтасыз ба, өзіңіздің қосарыңыз ба?	1	0
4	Оқуда белсендісің бе?	2	1
5	Жазғанда алшақ жазасыз ба?	1	0
6	Киінгенде сән үлгісінің заңдылықтарын басшылыққа аласыз ба, әлде өз ұнатуыңызбен киінесіз бе?	2	1
7	Сабак немесе жиналыс үстінде қағаз бетіне бір түрлі заттардың суретін сала беруді ұнатасыз ба?	0	1
8	Музыканы тыңдағанда сол әуенге байланысты бейнелер көзіңізге елестей ме?	1	0
9	Ұзақ хат жазуды ұнатасыз ба?	2	1
10	Кейде түрлі-түсті түс көресіз бе?	2	1
11	Бұрын болмаған, тек әңгімелерден естіген жерлерге барып көргіңіз келе ме?	1	1
12	Кино көргенде жиі жылайсыз ба?	1	0

Қорытынды:

14-17 ұпай – ең бай қиял, егер оны өмірде қолдана білсе, үлкен қуаныш алып келеді.

9-13 ұпай – қиялдауы орташа.

5-8 ұпай – нағыз реалист адамдар.

Жаттығу: «Монолог»

Мақсаты: Қиялды дамыту. Ортаны қабылдаудың күнделікті ракурсынан арылу.

Қатысушылар шеңбер құрап отырады.

Нұсқау: Айналамызға мұқият қарап, осы бөлмеде тұрған кез келген затты алыңыз да, сол заттың атынан қысқаша монолог айтуға дайындалыңыз. Барлығы дайын болған кезде, монологты бастайды. Кезекпен бір заттың атынан екі немесе үш монолог айтылуы мүмкін.

Мысалы: Есікті тұтқасынан монолог: «Маған адамдардың қолдарының жылуын сезіну ұнайды» немесе «түнде ол тыныш, қозғалыссыз болғанда суықтық пен жалғыздық» қатты сезіледі.

Талдау: Монолог жазу қиын болған жоқ па? Бірінші кезекте неге назар аудардыңыз? Соңында неге назар аудардыңыз? Жазу барысында не туралы ойладыңыз?

Релаксациялық жаттығу (жағымды, жай әуен тыңдалады)

Жүргізуші: Ыңғайлы отырыңыз. Бүгін біз ұшқыш кілемімен саяхатқа шығамыз. Кілем ауаға көтерілуі үшін босаңсуымыз қажет. Бұл сіздің қолыңыздан келеді. Көзімізді жұмамыз. Қолымыздың саусақтары жылынады, қолымыз жылы және ауыр. Жылу аяқ, қолдан жоғарылап, іш, кеуде, арқаға жылжыды. Бетіңіз босаңсыды., Ұшқыш кілем жаймен жоғары көтеріліп келеді. Міне, ұшып та кеттіңіз...

...Үлкен үстелдің үстімен ұшып барасыз. Шағалалар ұщып жүр. Жағалауда қайықтар тербеліп тұр. Көгілдір бұлттар жөңкілуде. Бұлттардың кейбіреуі үлпілдек қоянға, біреулері мақтаға, ал кейбіреуі ақ мысыққа ұқсайды. Кілем ақырындап жерге түсіп келе жатыр. Міне сіз, әдемі бақтың ішіндесіз. Айнала гүлге толы. Бәрі сізге басын изеп, сәлем беруде, Сіз бақтағы соқпақ жолмен жүріп алаңқайға шықтыңыз. Балалар доп ойнап жүр. Сіздің аяғыңызға доп домалап келді. Сіз допты көтеріп жоғары лақтырасыз, доп ұшып кетті. Бұл немене? Сізде ұшып барасыз. Өзіңіз ұшқыш кілемсіз ұштыңыз. Қолыңыз екі жағыңызда құс сияқты ұшып кетесіз. Міне сізге, таныс көл көрінеді, шағалалара қанаттарын бұлғап сәлем жолдауда, қайықта отырған балықшы сізге қол бұлғайды.

Сіз әрі қарай ұшасыз. Қасыңызда үлпілдек мысық сияқты бұлт бірге кіреді. Сіз төмен түсе бастадыңыз, міне орнымызға да келді. Мысық сізге

ілесіп келеді. Жып-жылы мысық сіздің алдыңызда отыр. Сіз оны сипаңыз да қасыңызға отырғызыңыз. Серуен сізге ұнады деп ойлаймын.

Талдау: Қандай күйде болдыңыз? Көз алдыңызға тағы не елестеді?

Әр қатысушы тренингтен алған әсерімен ортаға салып бөліседі.

«Ертегі терапиясы» ойыны

Барысы: Оқушы өз ойымен қиялымен ертегіні жалғастырады. Ертегінің басы қағазда жазылған, әр оқушыға жеке беріледі. Ойлануға 5-10 минут беріледі. Ертегіні баяндау барысында бет әлпетімен, дауыс өзгертумен, дене қозғалысымен көрсетіп береді. Оқушы өз эмоциясын еркін айта алады. Өйткені ол ертегідегі кейіпкердің эмоциясы боп саналады. Осылай өз қиялдағы болған дүниелерді елестетіп басқаларға эмоционалды күйде жеткізіп отырады.

Талдау: Ертегіні жалғастырып өз қиялымен айту оңай соқты ма? Не ұнады? Не ұнамады?

Эмоцияны қалай басқаруға болады?

Ж. ХАМЗИНА

Тренинг барысы:

- Қанекей, балалар, көңіл-күйлерің қалай? Керемет! (Қолдарын көтереді)

- Алдағы емтихандарға дайындықтарың қалай? Тамаша! (Алақандарын шапалақтайды)

- Ендеше тренингімізді бастайық. О-О-О! (Бас бармақтарын көрсетеді)


Бүгінгі тренинг сабағымыздың тақырыбы: «Эмоцияны қалай басқаруға болады?»

Эмоциялар бірнеше түрге бөлінеді:

- позитивті – кешіру, қуаныш, сүйсіну, рахаттану және т.б.;
- жағымсыз – қызғаныш, жек көрушілік, ашу, тітіркену және т.б.;
- бейтарап – әр түрлі реңктерге ие болу (мысалы, тосын сый).

Суреттен қандай эмоция көріп тұрсыз? (Психологиялық тест)

Егер қорқыныш байқасаңыз, өз үлесіңізді барлық жерде адалдықпен



алып шығасыз, ешкімге есе жібермейсіз. Алдан кездесер қиындықтардан да қорықпайсыз.

Ашу. Егер суреттен ашу белгісін байқасаңыз, демек өз ішіңізде де өзіңізге білінбейтін болса да әлдеқандай ашу бар. Сырттай сабырлы, салқын қанды болсаңыз да, айналаға қайта бір қарап, ашуыңызға тиетін нәрселерді сараптап көріңіз. Негізінен бұл соншалықты жаман эмоция емес. Дегенмен ашуыңызға тиген жан көп зардабын тартуы мүмкін.

Бақыт. Барлық нәрседен позитив көре аласыз. Айналаңыздағы адамдарды да бақытқа бөлеу сіздің қолыңыздан келеді.

Ешқандай эмоция көре алмасаңыз, қазір сізді эмоциялар дағдарысы болып жатыр. Мамандар сізге көбірек фильм көріп, кітап оқуға кеңес береді.

Сіз өзіңіздің эмоцияларыңызды басқаруды қалай үйренесіз?

1. Бетіңізді қадағалаңыз;
2. Тыныс алуды қадағалаңыз;
3. Өз ойларыңызды басқаруды үйреніңіз;
4. Өз көңіл-күйіңізді басқаруды үйреніңіз.

Неліктен эмоцияны бақылау керек?

Сіздің эмоцияларыңызды басқара білу кез-келген адам үшін өте маңызды.

Біріншіден, эмоциялар көбінесе дұрыс емес жерде және дұрыс емес уақытта пайда болады.

Екіншіден, біздің эмоциялар айналамыздағы адамдарға зиян тигізуі мүмкін.

Үшіншіден, егер бізді эмоциялар басып кетсе, бізде бір нәрсеге көңіл бөлу әлдеқайда қиын болады. Шамадан тыс эмоциялар демалу мен демалуды қиындатады. Эмоцияны басқару қабілеті – дамыған жеке тұлғаның белгісі және өте қиын болған жағдайда да өз сезімін басқара алатын тәрбиелі адам. Эмоцияны басқару қабілетін дамыту керек.

Төмендегі жаттығулар сізге тұрақты қуаныш табуға көмектеседі:

- ренжіген бетіңізді суретке түсіре бастаңыз. Сізге ұнамайды және сіз бейсаналық түрде жүзіңізді қуантудың бір нұсқасын іздейсіз;
- айна жанында тұрып, фразаны он рет қайталаңыз: «Менің көңіл-күйім қандай жаман». Әдетте, бесінші қайталаудан кейін күлімсіреу пайда болады және көңіл-күй әлдеқайда жақсы болады;
- егер сізді жағымсыз эмоциялар басып, жаман көңіл-күйдің құрсауында қалсаңыз, мүмкіндігінше кеңірек күліп, сол күлкіңізді

біраз уақыт ұстаңыз. Сіз бірден жағымсыз эмоциялардың шегінетінін сезесіз;

- күрт күлу – сіздің көңіл-күйіңіз бірден жақсарады;
- назарыңызды жағымды сәттерге аудару арқылы жағымсыз ойлардан алшақтатыңыз;

өзіңізбен ақылдасып, сұрақтар қоя отырып: «Бұл эмоция маған не үшін керек? Бұл эмоцияның қандай артықшылықтары бар? Жағдайға басқаша әрекет ету мүмкін бе?

«Өзіңізбен диалогта жағымсыз эмоциялар сізді тастап кетеді;

- кітап оқу. Кітаптарды оқи отырып, сіз көптеген әсерлер мен жағымды эмоциялар аласыз. Кітап жаман көңіл-күй мен депрессиямен күресуге көмектеседі, ішкі үйлесімділікке қол жеткізуге көмектеседі;

өзіңізге ұнайтын хоббиді немесе хоббиді таңдаңыз. Сонда сіз негативке уақыт таба алмайсыз, барлық бос уақытыңыз сүйікті ісіңізге арналады;

Медитация – бұл эмоцияны басқаруда, ерік пен сананы дамытуда өте құнды жаттығу.

Медитация – бұл сиқыр емес, дін емес, бұл сіздің денеңіздің жаттығуы сияқты сіздің ойыңыз үшін дәлелденген жаттығу.

Шағын дәріс. «Өз эмоцияларыңды қалай басқаруға болады?»

Жағымсыз эмоциялардың қалай айырылуға болады?

Сені түсінуге тырысатын достарыңның арасында айтуға болады.

Егер сен жалғыз болсаң, көпшікті не су орамалды қысып тартуға болады. Өйткені, барлық қысым қолдың, саусақтың, иықтың бұлшық еттерінде сақталып қалады. Спорттық қандай да бір түрімен айналысу да көмек береді. Байқасаңыздар спортшылардың денсаулығымен қатар жаны да сау болады. Адамға табиғат та жағымды әсер етеді. Серуен, тамашалау, бақылау, тіпті қиын деген жағдайлардың өзі де де жағымды әсер етеді. 3-4 қысқа дем алу, сонша рет дем шығару. Бұл кезде миға баратын импульстер көбейеді, ал ол стресс кезінде бұл үлкен көмек.

Буллинг дегеніміз не?

Г. КУЛЬЖАНОВА

Буллинг дегеніміз – бір баланың немесе топтың басқа бір балаға әдейі ұйымдастырған жағымсыз іс-әрекеті, қысым көрсету, күш көрсету, жәбірлеу, мазақ қылу. Қазіргі таңда мектептерде, колледждерде буллингтің таралғанын анық байқауға болады. Буллинктің түрлері де көп: өтірік сөз, өсек тарату; мәжбүрлеу; мазақ қылу; намысына тие отырып, орындауға мәжбүрлеу; қысым көрсету; маза бермеу; итеру, жұлмалау; алақанмен, жұдырықпен ұру; физикалық күш көрсету, бопсалау; топқа қоспау, оқшауландыру; бақылауға алу.

Буллингті сипаттайтын іс-әрекеттер:

- жәбірлеуші міндетті түрде біреуге қастандық жасағысы келіп тұрады;
- біреуге зиян келтіретін іс-әрекеттер жасайды;
- жәбірлеуші мен жәбірленуші арасындағы күш бойынша теңсіздік;
- дұрыс емес мінез-құлық; жүріс-тұрыс қайталанады;
- өз күшін әділетсіз пайдаланады;
- әлсіздерге өзінің басымдылығын көрсетеді;
- жәбірлеуші өз ісіне масаттанады және жәбірленуші қиналу сезімін басынан кешіреді.

Орыс тіліне «буллинг» деген сөзді аударатын болсақ, «жәбірлеу», «қорлау», «қудалау» деген мағынаны білдіреді.

Буллингті агрессиямен шатастырмау керек. Агрессияға тым жақын балалар әдетте өзін-өзі ұстай алмайды және өз әрекеттерін бақылай алмайды. Ал буллингке жақын балалар өзінің үстемдігін көрсеткісі келеді; басқа баланы өзінен төмен санайды; күш көрсетеді. Соның барлығын саналы түрде жүзеге асырады; өз іс-әрекеттерін бақылай алады. Басқа әлсіз балаларға қарағанда өзінің басымдылығын көрсеткісі келеді.

Қазіргі таңда қай жеткіншекті алсақ та өз сыныптастарымен сөзге келіп қалуы және жанжалдасып қалуы, әлбетте, мүмкін болатын жағдай. Егер кикілжің оңай шешілетін болса, балалар бір-бірімен тез татуласып, достасып кетсе, еш қиындық туындамайды. Ал бірақ жанжал тоқтамай балалар бір-бірімен келіспей қалып жатса, мазақтау, төмендету тоқтамаса, оның соңы буллингке ұласады.

Буллингтің басқа іс-әрекеттерден үш түрлі айырмашылығы бар екенін көруге болады:

- нақты бір адамға бағытталады;
- жәбірлеу қайталана береді;
- бір тарап екінші тарапқа сандық; моральдік; физикалық тұрғыда үстемдік көрсетеді.

Кейбір сыныпта оқушылар бір сыныптасын жақсы көрмеуі мүмкін,

ешкім онымен достаспайды, ойынға қатыстырмайды, бірақ күш көрсетіп, қыспаққа алмайды. Ешкім араласпайды. Бірақ ол жәбірлеу емес, тек ол оқушының өзінің мінезі тұйық болғандықтан, ешкіммен араласа қоймайды. Өзі көңілсіз, мұңайып жеке жүреді, жалғыз өзін жайсыз сезінеді.

Ал, жәбірлеу, қысым көрсету жағдайында бала үнемі қорқынышта жүреді, бәрінен қауіп төніп тұрғандай сезінеді. Бір сыныптағы оқушылар бір-бірімен үнемі жақсы қарым-қатынаста бола алмайды, мінездері де әр түрлі. Дегенмен мектеп әрбір оқушының физикалық, психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Буллингтің алдын алу бойынша жоспарлы түрде жұмыс жүргізу керек.

Бала ешқашан өз мәселесін басқа адамға ашып айтпайды. Сондықтан елемеуге болмайтын белгілерді атап өткен дұрыс деп есептеймін:

Бала физикалық тұрғыда жиі жараланып жүреді. Бала мектепке барғысы келмейді, қоғамдық іс-шараларға қатыспайды, достарымен бос уақытты өткізбейді.

Үйден түрлі заттар мен нәрселер жиі жоғалады. Жыртылған киім, бүлінген кітаптар, бұзылған гаджеттер, басқа да бүлінген жеке заттарын бақылауға болады.

Баланың мінезі тұйықталады, жалғыздық туралы көп айтады, ешкімге сырын ашпайды. Жүріс-тұрысында өзгеріс пайда бола бастайды, мазасыздық билейді, ата-анасына жақын болғысы келеді. Агрессивті мінез-құлық пайда болады, әлсіздерге күш көрсетеді, қорқытады.

Ешбір медициналық белгісіз физикалық тұрғыда ауырамын деп шағымданады мысалы; басы ауырады, ұйқы мәселесі, дұрыс тамақтану бұзылады. Кенеттен мектептегі сабақ үлгерімі төмендейді, оқуға деген қызығушылығы баяулайды. Бұрын ешқашан өзі назар аудармаған жағдайларға шағымданады, мәселен, сыртқы келбеті, тұратын мекен-жайы тағы басқа.

Жүріс-тұрысы өзгереді, үйден кетіп қалуы мүмкін, өзін-өзі жарақаттайды немесе өзіне-өзі қол жұмсау туралы әңгімелер қозғайды. Осы орайда не істемеу керек?

Өзінен-өзі қояды деп күту, байқамау. Себебін іздеп, түсіндіру. Қудалауды тек жәбірленушінің ғана мәселесі деп санауға болмайды. Әсіресе, көп сөйлемейтін, үндемейтін балаларға қиын. Әрекеттердің дұрыс емес екенін түсінеді. Бірақ соны айтуға батылы жетпейді, өйткені өзі сол жәбірленушінің рөліне түсіп қаламын деп қорқады. Жәбірлеуді топтың емес жеке бастың мәселесі деп есептейді. Жәбірленушіге аяушылық сезімін білдіру, негативті назар аудару оның жағдайын одан әрі ушықтыра түседі. Қыспаққа көну және шыдау өте қиын жағдайға әкеліп соқтырады.

Әрбір ата-ана өз баласының немен айналысып жүргенін біліп отырған дұрыс. Баламен міндетті түрде ашық сөйлесіп, мәселені шешу

жолын қарастыру керек. Әрине, бала бұл тақырыпқа байланысты ештеңе айтқысы келмейді. Дегенмен, сабыр сақтау керек. Шынайылық танытыңыз. Егер бала бірден ашыла қоймаса, бір сұрақты қайта-қайта қойып, тергеуге алмау керек. Зорлық-зомбылық туралы фильмді немесе телебағдарламаны баламен бірге көріп барып, осы тақырыпта әңгіме бастауға болады, қатысушылардың мінез-құлқы, жүріс-тұрысы туралы, бұзақылар мен жәбірленушілер туралы ойын білген дұрыс. Осындай жағдаяттан шығу жолын шеше алар ма екен? Баланың пікірін біліп алған соң осыған ұқсас жағдайды өзі немесе достары бастан кешірді ме екен немесе естіді ме екен деп сұрап көру керек. Сонымен қатар өз таныстарының балаларының осындай жағдайға түсіп қалып, шыға алмағаны жайлы оқиға да баламен әңгімені бастауға мұрындық болары сөзсіз. Егер де бала ата-анасына ашылмайтын болса, онда міндетті түрде психологиялық көмекке жүгінуге тура келеді.

Бала ашылуға дайын болған жағдайда ата-ана міндетті түрде баланы тыңдай білу керек. Жай ғана тыңдап, қорытынды шығаруға асықпау керек. Ата-анасы баласына сенім білдіргені үшін рақмет айту керек. Дұрыс, әрі батыл қадам жасағаны үшін алғыс білдірген жөн.

Баланы түсіну керек. Бала өз өмірінің қиын да қатерлі, қорқынышты жағдайын баяндаған кезде де байсалдылық таныту керек. Егер бала ата-ана тарапынан басқаша қабылдауды сезсе, қорқынышты көрсе, кейін бала болған жағдайды тиянақтап айта алмайды. Балаға еш уақытта ұрыспау керек «Неге маған ертерек айтпадың?», «Өзіңді-өзің қорғауың керек еді!», «Бәрі саған қарсы болса, өзің кінәлі шығарсың?» деген айыптаулар ата-ана тарапынан айтылмау керек. Бұл жағдайда бала мүлдем ашылмай қояды.

Буллингке байланысты кім және қалай қатысты деген ақпараттар көбірек жиналуы керек. Балаға сөйлеп, айыптағаннан гөрі оны түсінуге тырысу үшін көбірек сұрақ қойып тыңдай білген дұрыс.

Мәселені ата-ана мен бала бірлесе отырып шешуге ұмтылу керек, бала ата-ана қолдауын сезінуі қажет. Буллингке қарсы қалай күресуге болатынын ойын түрінде шешіп көрсетуге болады. Мәселені шешуге бала міндетті түрде қатысу керек. Ата-ана мектептегі, сыныптағы жаңалықтармен таныс болуы міндетті.

Қоқан-лоққы, жәбірлеу, зорлық-зомбылық жағдайларын тоқтату үшін не істеу керек? Бұл жағдай тек бала ғана емес, ата-ана үшін де қиын жағдай. Оны өзгерту керек. Мектептегі мұғалімдерге хабарлау керек. Бірлесе отырып әлеуметтік-психологиялық жоспар құру қажет. Баланың қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі керек екендігі туралы мектеп әкімшілігі хабардар болуы міндетті.

Буллинг мәселесі тек жеке бастың ғана емес, бүкіл сыныптың, мектептің мәселесі, сондықтан мектеппен үнемі байланыста болу керек. Балаға төнген қауіпті тез арада шара қолдану арқылы шешуге болады.

Егерде ешқандай қорытынды жасалмаса, жоғары тұрған органдарға, заңгерге, полиция қызметкерлеріне мектеп кеңсесі арқылы ресми хат жолдаған дұрыс.

Буллингке қарсы жеке күрес жүргізу мүмкін емес. Міндетті түрде шындықты айта білу керек, әлімжеттік көрсету жағдайын хабарлау – батылдықтың белгісі. Бұзақыны тоқтата білу – ерлік.

Әлімжеттікке қарсы тұру мақсатында спортпен айналысу өзін-өзі қорғай білуге баулу болып табылады. Спортпен айналысқан бала өзіне сенімді болады.

Достарымен бірге бос уақытты тиімді пайдалануға дағдыланады. Бірлесе отырып, жақсы іс-әрекеттерге барады, қарым-қатынастар күшейеді, ортақ іспен шұғылданады. Қызығушылығы артады. Ата-ана міндетті түрде балаға сенім білдіріп, әр уақытта оны қолдап отыратынын жөне қорғауға дайын екенін көрсете білгені жөн.

Ал енді кейбір ата-ана өз баласының басқа балаларға күш көрсетіп, әлімжеттік жасайтынын мынадай белгілерден байқауы керек: бала үнемі жанжалдасып, жиі төбелесіп қалады, агрессияға берілгіш. Мектепте ол балаға жиі ескерту жасалынады. Директорға, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарға жиі шақырылады. Өзінен үлкен балалармен немесе басқаларды үнемі қорқытатын балалармен жүреді. Жауапкершілікті түсінбейді. Өзінің танымал болып, барлығының одан қорыққанын қалайды. Ата-анасы әпермеген заттарды ұстайды. Ата-анасы ақша бермесе де үнемі қалтасында ақша жүреді. Міне, бұл ойландыратын жағдай. Күшпен, қорқытумен баланы ата-ана жеңе алмайды. Буллингке түскен балаға көмектесу керек. Әлімжеттік көрсету себебін анықтап, баланы өзгерту үшін не істеу керек екенін анықтау керек. Баланы тәрбиелеу стилін өзгерту керек. Мектеппен үнемі тығыз байланыста болу керек. Баланың мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері өзгерген жағдайда қиындық туындаса, міндетті түрде кәсіби психолог маманға жүгінген жөн. Мәселені шешуге, тығырықтан шығуға міндетті түрде көмек береді.

Еліміздің болашағын ойласақ, жастарымыз саналы да білімді, ақылды да білгір маман болып өсіп, еліне пайда келтірер азамат болып өссін десек, балалар тәрбиесіне баса назар аударып, буллинг деген қауіпті де қатерлі мәселеге қарсы тұра білейік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кривцова С.В. «Буллингке қалай қарсы тұру керек». «Мектеп директоры», 2018;
2. Лохмытко Н.М. «Мектептегі әлімжеттікті қалай тоқтатуға болады?», «Әдіскер», 2015;
3. Поленкова И. «Мазасыздыққа жол бермеу керек». «Мектеп психологы», 2019.

4-10 жасар балаларға арналған психологиялық ойын-жаттығулар

Қ. ЕСІМБЕКОВА

Ата-аналар үшін балаларының ойынын бақылау кезінде олардың яғни балаларының шетте тұрғанын, басқа балаларға жақындауға жасқануы, үлкендерден қорқуы, сенімсіздігі мен ұяңдығын көру өте ауыр. Сол сияқты баласының төбелескіш, ренжіткіш, қарсыласқыш және ойынға кедергі келтіргіш екенін басқа балалар мен үлкендерден есту жеңіл тимейді.

Қарым-қатынастағы бұзылу мен кикілжің – бұл баланың қоршаған ортаға әлсіз бейімділігінің белгісі, яғни болашақтағы жекелей – эмоционалдық мәселелердің күрделі себебі.

Бұл бөлімдегі жаттығулар мен ойындар балаларды тату тұруға, өзгелерді түсінуге үйретеді.

Қатынас жасау қатысушылардың үлкен шеңберін талап етеді. Кейбір жаттығуларды ата-аналар өз балаларымен үйде орындауына болады, бірақ олардың көп бөлігі үйге құрбылары мен достарын шақыруды қажет етеді. Балалар мейрамдары мен көңілді кештерді жиі ұйымдастырып, олармен көп қарым-қатынас жасаңыз.

«Досыңды тап» (5 жас)

Жаттығу балалармен немесе ата-аналар мен балалар арасында өткізіледі. 1-жартысына көзін байлап, бөлме ішінде жүріп, өз досын табуы керек (немесе ата-анасын). Қолдың көмегімен шашты сипау, киімінен ұстау, қолын сипау арқылы тануға болады. Содан соң, досы табылғаннан кейін, ойыншылар рольдерімен ауысады.

«Ұяшық» (4 жас)

Балалар қол ұстасып, шеңбер құрып отырысады – бұл ұяшық. Ішінде торғай отыр. Сыртында тағы бір торғай ұшып жүр. Ол былай дегенде: «Құс ұшады!» - барлығы шашылып, құстар тәрізді ұшады. Жүргізуші: «Ұяға!» деген кезде қайтадан отырысады. Үлгермей қалғаны- жүргізуші.

«Ертегі құрастырайық» (5 жас)

Жүргізуші ертегі бастайды. «Ерте, ерте, ертеде....» Келесі қатысушы жалғастырады, солай шеңбер бойымен айналып шығады. Кезек қайтадан жүргізушіге келген кезде, ол ертегі сюжетін өңдеп, жинақтап айтып береді. Ойын солай жалғаса береді.

«Аспаздар» (5 жас)

Барлығы шеңберге тұрады – бұл кастрюль. Қазір көже дайындаймыз. (Компот, винегрет, салат). Әр қайсысы өзінің не болатынын таңдайды. (Ет, картоп, сәбіз, сарымсақ, жалбыз, тұз, т.б.). жүргізуші кезекпен кастрюльге не салатындығын айтады. Өз атын естігендер тез шеңберге кіреді, келесі кіргені оның қолынан ұстайды. Барлық керек заттар шеңберге жиналғанша, ойын жалғаса береді. Нәтижесінде өте дәмді тағам пайда болады.

«Құпия» (6 жас)

Барлық ойынға қатысушыларға жүргізуші әдемі сандықшадан «құпия зат» алып береді. Олар (түйме, моншақ, түйреуіш, ескі сағат т.б.). алақандарына салып, жұдырығын жұмады. Бөлме ішінде жүріп, ойынға қатысушылар басқалардың қолындағы құпияларын табудың амалдарын іздестіреді.

Ескерту: Жүргізуші құпиялардың алмасу процесін қадағалайды, жасқаншақ балаларға балалармен ортақ тіл табысуға көмектеседі.

«Достық жымиюдан басталады» (4 жас)

Шеңберде отыратындар қол ұстасып, көршісінің көзіне қарайды да, үнсіз өте мейірімді жүзімен жымияды. Бұл кезекпен жалғасады.

«Айна» (5 жас)

Балаға айна дүкеніне кіргендерін елестету ұсынылады. Топты екіге бөліп, біріншісі – айна, екіншісі – аңдар. Аңдар айна маңына өтіп, түрлі қимылдар жасайды. Айна рөліндегі балалар аңдардың жасаған қимылдарын дәл қайталаулары тиіс.

«Көлеңке» (5 жас)

Ойынға қатысушылардың біреуі бөлме ішінде жүріп әр түрлі қимыл жасайды. (Кенеттен бұрылу, отыру, жан жағына бұрылу, т.б.). қалғандары түзу бойымен оның артына аз аралықта тұрады. Олар оның көлеңкесі, сондықтан оның қимылдарын тез және дәл қайталаулары тиіс. Соңында жүргізуші ауысады.

«Тыйым салынған қозғалыстар».

Жүргізуші қандай қимылды жасауға болмайтынын көрсетеді. Содан соң қолымен, аяғымен, денесімен басымен, бетімен әртүрлі қимылдар жасап, тыйым салынғандарды қайталайды, кім кенеттен жасалған қимылдарды қайталап қойса, сол жүргізуші болады. Сол жүргізуші өзінің тағы бір тыйым салынған қозғалысын қосады. Ойын осылай жалғаса береді.

Ескерту: тыйым салынған қозғалыстар 7-ге дейін болуы керек.

«Допты әпер» (4 жас)

Ойынға қатысушылар отырып немесе тұрып, қайткенде де тез допты

құлатпай, екіншісіне әпереді. Максималді тез темп арқылы көршісіне лақтыруға болады. Шеңберге арқасымен бұрылып және қолын артқа тығып та әперуге болады. Кім құлатса, сол ойыннан шығады.

Ескерту: балалардың көздерін жұмуын сұрап, жаттығуды күрделендіруге болады.

«Жел соғады» (5-10 жас)

«Жел соғады...» деген сөзбен жүргізіледі. Ойын мүшелері бір-бірін жақсы тану үшін, келесі сұрақтар қойылады: «Жел кімде ашық түсті шашы болса, соларға соғады, барлық ашық түсті шашы бар балалар бір топқа жиналады, т.б.»

Әрбір қатысушыға сұрақ беру үшін жүргізушіні міндетті түрде ауыстыру керек.

«Жауап қарастырамыз» (7 жас)

Келесі ойын нұсқасы. Жүргізуші ойын тапсырмасын қиындатады: Мен онға дейін санағанша, сендер ойша қосу немесе азайту арқылы жауапсанын құрайсыздар. Мысалы: 5+2, сендер «7» санын құрайсыздар, 8-3, сендер «5» санын құрайсыңдар.

«Қолыңды тигіз» (5 жас)

Барлық қатысушылар әр түрлі киінген. Жүргізуші: «Қолыңды көкке тигіз» дегенде барлығы тез арада ойынға қатысушылар киімінен көк түсті тауып, осы түске қолын тигізуі керек.

Ескерту: үлкендер барлығына қолдарын тигізуін қадағалауы тиіс.

«Сиамдық егіздер» (6 жас)

Балалар пармен иық тірестіріп, бір қолдарымен белдерін құшақтап, бір аяқтарын қатар қояды. Енді олар біріккен егіздер: 2 бас, 2 қол, 3 аяқ және 1 дене. Оларға бөлме ішінде жүруге, отыру, бірдеңе істеу, бұрылу, жату, тұру, сурет салу және тағы басқа қимылдар жасау ұсынылады.

Кеңес: Үшінші аяқ «тату» болу үшін, оны жіппен байлап қоюға болады.

«Комплименттер» (4 жас)

Шеңберде отырып, қол ұстасады. Көршісінің көзіне қарап, бірнеше жылы сөз айтуы керек. Сөздерді қабылдаушы басын изейді және былай дейді: «Рахмет, маған өте ұнады». Содан кейін ол өз көршісіне комплимент айтады. Осылай жаттығу жалғаса береді.

Алдын алу:

1. Кейбір балалар комплимент (қолдау сөз) айтуға қиналса, оның көршісі көңілсіз отырса, комплиментті өзіңіз айтыңыз;

2. Егер бала комплимент (қолдау сөз) айта алмаса, онда көмек қажет. Мақтау орнына жай ғана «дәмді», «тәтті», «гүлді», «сүтті», деген сөздер айтуға болады.

Оқушының 1-сыныпқа бейімделуін қалыптастыру жаттығулары

Н. АУБАКИРОВА

Мақсаты: бірінші сыныпқа келген оқушылардың сабаққа бейімделуін, қарым-қатынасын орнату сонымен қатар бір-біріне таныстыру.

Сабақтың түрі: психологиялық тренинг сабақ.

Сабақтың әдісі: топтық,

Сабақ көрнекілігі: жіп, орындық, әуендер, көңіл-күй таңбасы бар тартпа қағаздар.

Сабақ барысы:

Жаттығу «Танысу»

Мақсаты: Топ мүшелерінің бір-бірімен танысуы. Қатысушылар шеңбер құрып отырады..

Нұсқау: Жұмысымызды таныстықтан бастаймыз әркім өз есімі қандай әріптен басталса, сол әріптен басталатын өзінің 3 қасиетін және өз есімін кезекпен айтады. Сонымен бірге өмірлік кредосын айтады. Осындай қойылым қатысушылардан өз қасиеттеріне, жеке ерекшеліктеріне әр түрлі жағынан келуді ұсынады және ойдың икемділігін, тапқырлығын талап етеді.

Талдау: Қандай әсер алдыңдар не? Не қиындық келтірді?

Жаттығу «Саусақтар»

Мақсаты: Қатысушыларды ынтымақтастыққа тәрбиелеу.

Қатысушылар шеңбер бойымен отырады. Әркім қолдарын жұмып отырады, жүргізушінің бұйрығымен бәрі саусақтарын «ашады». Топтың қатысушылары бір-бірлеріне қарамай, бір ғана санды саусақтарымен көрсетуге тырысу керек. Қатысушылар бір-бірімен келісуге, «заңсыз» әдістермен өз әрекеттерін үйлестіруге ұмтылуларына тыйым салынады. Өз мақсаттарына жеткенше, ойын жалғаса береді.

Талдау: Осы тапсырма несімен ұнады? Несі ұнамады? Тапсырманы орындау оңай болды ма? Қандай қиындықтарға кезіктің?

Жаттығу: «Орынды иемдену»

Мақсаты: Көңіл-күйді көтеру.

Ортада тұрған ойыншы бос орындыққа отыра алмауы үшін, қатысушылар шеңбер бойымен орындықтан орындыққа орын ауыстырады.

Нұсқау: Ортадағы ойыншы өзі орын алу үшін, отырғандарды өзінің бұйрығы бойынша орындарынан ауыстыртады (қолында сағаты барлар орындарын ауыстырады, кім түнде қорылдайды орындарын ауыстырады және т.б.)

Талдау: Не ұнады? Не ұнамады? Алған әсерлерің қандай?

Жаттығу «Жіп»

Мақсаты: Қатысушылардың көңіл күйіне ұнамды әсер ету.

Нұсқау: Екі қатысушы алынады. Олар 1-5 м қашықтықта, бір-бірлеріне арқаларын беріп отырады. Жүргізуші еденге бір қатысушыдан екіншісіне қарай жіп тартып қояды. Жіптің ұштары екі орындықтың аяқтарының ортасында жату керек. Кім бірінші болып жүргізушінің бұйрығы бойынша жіпті өзіне тартып алса, сол жеңімпаз атанады.

Талдау: Жаттығу ұнады ма? Өзімізді қалай сезінудеміз?

Жаттығу «Қуаласпақ»

Мақсаты: Ойыншылар арасында жағымды сезім туғызу.

Жүргізуші ойыншыларға ерекше тапсырма береді. Сол тапсырма бойынша қуаласуды ұсынады – мысалы, саусағынан ұстау, құлағынан ұстатпау.

Талдау: Тапсырма ұнады ма? Не ұнамады? Қандай әсер алдыңдар?

Жаттығу: «Орынды иемдену»

Мақсаты: Көңіл күйді көтеру.

Ортада тұрған ойыншы бос орындыққа отыра алмауы үшін, қатысушылар шеңбер бойымен орындықтан орындыққа орын ауыстырады.

Нұсқау: Ортадағы ойыншы өзі орын алу үшін, отырғандарды өзінің бұйрығы бойынша орындарынан ауыстыртады(қолында сағаты барлар орындарын ауыстырады, кім түнде қорылдайды орындарын ауыстырады және т.б.)

Талдау: Не ұнады? Не ұнамады? Алған әсерлерің қандай?

Жаттығу «Топтан-топқа және керісінше»

Мақсаты: Топ ынтымақтастығын қалыптастыру.

Топ қандай да бір белгі бойынша жұпқа бөлінеді. Жүргізуші алдынала бірнеше қарама-қарсы әуендерді таңдап қояды.

Жүргізуші: «Қазір музыкамен жұптық би билейсіздер. Музыка тоқтағанша билейсіздер. Үзілістен соң жұптар «төртікке» бірігеді және би жалғасады. 8-ден, 16-дан, тіпті 32 адамнан бірігуге болады. Содан кейін, осы сияқты үзілістен соң кері ретпен. 16-ға, 8-ге, 4-ке, ақырында жұпқа бөлінеміз».

Талдау: Тапсырма ұнады ма? Қандай кедергілер кездесті? Қазіргі сезімдеріңіз қандай?

Қорытындылау: Оқушылардың жаттығулардан соң алған әсерлерін, пікір ойларын жеткізуі сұралады. Көңіл-күй таңбасы (смайлики) бар тартпа қағаздар таратылып осы жаттығулардан кейін алған әсерлерін бояу үшін үлестіріледі. Осы көңіл-күй таңбалары арқылы оқушылардың қандай әсер алғанын анық көруге болады.

Менің мамандығым – психолог

А. АНДИРОВА

*Жан-жүрегім, бар тілегім – балада,
Жылу себем күндей болып балаға.
Еш кетпесін еңбегімнің білемін,
Ұстанымым шуақ сыйлау санаға.*

Психолог мамандығы жаңа заманмен жаңашылдық идеясы болып келді. Туған тілімді сүйетін сезімтал да ақынжанды ұстаз едім. Алғаш мектепте мұғалім болып келіп, әр шәкірттің жүрегіне үңілдім. Кенет шаршаңқы жүздерге жылу себелейтін мінезіммен, әрбіріне барлау жасап, зерттегім кеп тұратын-ды. Сол шақта психолог мамандығы маған ерекше ұнап, сол мамандықты оқып алдым да, мектепте жаңа маман иесі боп жұмысымды жалғастырдым.

Ұстаздық пен психологтың ұғым жағынан айырмасы жоқтың қасы. Мұғалім – үнемі ізденіс үстінде білім берудің тамаша әдістерін іздеп жүреді, ал психолог та солай. Бірақ адаммен жеке қарым-қатынаста психолог қажеттігі сезіле бастағаны рас.

Менің өзіндік ұстанымым – әр адамның жүрегіне үңілу, күн көзіндей шуақ болып себілу.

Сондықтан психолог кім? - десек, Ол – ең ғажап мамандық. Себебі:

- Ол – адам жанын емдеуші, қоғамдағы кейбір қатыгездіктерден жасқанып жүрген шарасыз жандардың көзі мен көңілінен жанын ұғушы;
- Ол – алдымен, зерттеуші. Түрлі анкеталық сұрақтар, сауалнамалар жүргізу арқылы, диагностикалық жұмыстардың нәтижесінен жанұядағы өзгерістерді, жеке бас өзгерісін біліп, оң бағытқа қарай бағыттаушы;
- Ол – бақылаушы, «ерекше қабілетті» мен «ерекше назардағы», «қадағалауды қажет ететін» балаларды, мүмкіндігі шектеулі балаларды бақылап, жандарына қамқорлық арқылы алақан жылуын беруші;
- Ол – әр адамның қасы мен қабағын, мінезі мен ерекшелігін зерттеп, танып, олармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдеріне жол тауып беруші;
- Ол – қарым-қатынас мәдениетіне үйретуші, ата-аналар мен оқушылар жиындарында алға қарай жүйелі жұмыста көңіл-күй мен қуаныш сыйлаушы;
- Ол – дамытушы, даму мүмкіндігі шектеулі балалармен, қамқоршылықтағы балалармен тіл табысып, оларға өмірдің жолын нұсқаушы.

Бір басына сан сырлы, сан қилы қасиеттіліктерді жинап, жанарларға сыр ұға қарайтын, тек қана жылу сыйлауды басты мақсат санайтын психолог болу ғажап-ақ.

Көздері жәудіреген бір шаңырақтың шырайын кіргізер балапаны түрлі қиыншылықтарды қалап алмайды. Оларды қоғамдағы қажетті тұлға екенін сезіндіріп, біресе ойнатып, біресе ойланып, алдағы өмірінде қайғы-мұңсыз жарқын күндер бар екенін сезіндіретініміз ақиқат. Тынымсыз ізденіп, мамандық таңдауда да бағыт беруші, күнделікті мінез-құлық дағдысының да қолайлы болуына әсер етуші, ҰБТ-леуде психологиялық дайындық жүргізуші, әр сабақтағы дайындық деңгейіне көңіл бөлуші – психолог. Мақсатқа жету үшін талаптанған әр оқушының жеке басында психологиялық дағдарыс туындайды. Емтиханға дайындық кезінде қобалжудың алдын алу, Интуицияны дамыту арқылы ҰБТ-ге дайындау арқылы оқушының бойында өзіндік сана, өзіндік «Мен» деген бейне қалыптасуына ықпал етуге тырысамын.

Осы орайда, көңіл-күйіне жақсы ықпал ету үшін жаңбыр болып жауып, бойындағы көңілсіздікті жуамын, күн болып күліп, жанарларына шуақ сыйлаймын, біресе гүл сыйлап, біресе жыр сыйлап, қалайда адами асыл қасиеттерге шақырып жүремін.

Түрлі сауалнамалар жүргізу арқылы олардың нені жақсы көретіндіктерін, нені жек көретіндіктерін айқындап алып, жағымды әсер тудыруға, өмірдің мәні мен мазмұнының әркімнің ойлағанындай бола бермейтіндігін, табиғаттың жаңбыры мен дауылы сияқты адам мінезі де әр қилы болатынын үйрете отырып, өзін-өзі тани білуге үйрету де психологтың басты парызына айналды.

Сондықтан да ата-аналар жиналысы психологтың қолдауымен түрлі тренингтер арқылы басталады. Ата-ана бала бейнесіне еніп, бір кез олар да өткен балалығына енеді.

Олар әрбір ұстаздармен өткізілетін семинарларда да қызықты тренингтер арқылы әсерлі өтуіне жол ашып береді.

Ұлттық бірыңғай тестілеуде балаға дайындықтың күн режимі арқылы өз көмегін көрсетеді.

Мектепке келген баланың, бастауыш сатыдан негізгіге жылжыған оқушының бейімделуіне ықпал етуге арналған жағымды эмоция қалыптастырушы әдістемелері қаншама.

Жасөспірімдер бойындағы биологиялық өзгерістер кезеңінде ешкімге айтпайтын сырларын «сенім жәшігі» арқылы психологпен бөлісуі де керемет емес пе?

Ертең «Кім болам?» деп болашаққа жаңа мамандық таңдаушы жас түлектерге де түрлі мамандық бейнесінде ойната шапшаңдықпен жетіп келетін де психолог.

Міне, әлі жас мамандық осындай қызықты әрекеттерімен белсенділіктерге шақырып тұрғандай.

Жақында ғана енген «Өзін-өзі» тану пәні психологтар үшін мазмұнды оқулықтарымен бұл мамандыққа өз сәулесін шашып тұрғандай әсер етеді.

Менің мамандығым – осындай ғажап.

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АЛДАБЕРГЕНОВА Арзу Бекмурзаевна – №270 орта мектебінің педагог-психологы. Шиелі ауданы, Қызылорда облысы.

АНДИРОВА Айман Амандыққызы – Мұхит атындағы орта жалпы білім беретін мектебінің психологы. Қаратөбе ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

АУБАКИРОВА Нургуль Кабделгазезовна – №11 орта мектебінің педагог-психологы. Қостанай қаласы, Қостанай облысы.

БАТТАЛОВА Санабар Марсовна – магистрант Академии «Кайнар» г. Алматы.

ЕСІМБЕКОВА Құралай Тілеутайқызы – «Мұқатай Әбеулов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ-нің педагог-психологы. Бидайық ауылы, Аягөз ауданы, Абай облысы.

ИБРАШЕВ Ғазиз – Т. Ізтілеуов атындағы №29 орта мектептің педагог-психологы. Қармақшы ауданы, Қызылорда облысы.

КУЛЬЖАНОВА Гульден Талгатовна – «Оразақ ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің» КММ педагог-психологы. Целиноград ауданы, Ақмола облысы.

ҚАБЕКЕНОВ Ғабит Уапұлы – педагогика ғылымдарының кандидаты, PhD докторы. Ақтау қаласы, Маңғыстау облысы.

САРЫПБЕКОВА Жанар Арипбаевна – Қ. Жандарбеков атындағы жалпы орта мектептің педагог-психологы. Түлкібас ауданы, Түркістан облысы.

ТАНХИЕВА Арайлым Әлмағанбетқызы – №46 А.С. Пушкин атындағы мектеп-лицей психологы. Шиелі ауданы, Қызылорда облысы.

ТЕРЛИКБАЕВА Жұлдыз Токановна – педагог-психолог ДОЦ «Умка» г. Алматы.

ХАМЗИНА Жұмагүл Қуанышбайқызы – Подстепный жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-психологы. Теректі ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

Мектептегі психология - Психология в школе журналы

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс», «Евразия Пресс», «Эврика-пресс» арқылы жазылған тиімді.
Жазылу ай сайын жүргізіледі.
Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

Индекс 75487

Қиып
алыңыз да,
жазылыңыз!

		Басылым индексі									
		АБОНЕМЕНТ									
		75487									
Мектептегі психология - Психология в школе											
		Комплекті саны									
2023 жылға, айлары											
қайда											
(почта индексі)		(мекен-жайы)									
кімге		(аты, жөні)									
ПВ		орны									
		Тасымалдау карточкасы									
		75487									
		Басылым индексі									
Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...теңге	...тиын	комплекті саны							
		...теңге	...тиын								
2023 жылға, айлары											
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
қайда											
қайда											
(почта индексі)				(мекен-жайы)							
кімге				(аты, жөні)							